

Т.А. Нигманов, Р.М. Таштемханова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(Email:tanhoiser@mail.ru,tashtemkhanova@mail.ru)

Венгриядағы еуроскептицизм: алғышарттары, қазіргі жағдайы мен ерекшеліктері

Аңдатпа. Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы, сондай-ақ Польша мен Венгрияның еуропалық шенеуніктермен тұрақты қақтығыстары ЕО-ның болашағына қатысты тәуекелдер тудырады. Осы ретте Венгрияның жағдайы ерекше назар аудартады. Ресми Будапешт демократиялық құндылықтардан көпшілік алдында бас тартты. Бұған жауап ретінде Брюссель Еуроодақ бюджетінен төлемдерді ұстап қалумен қорқытты, ал 2022 жылдың қыркүйегінде Еуропарламент Венгрияны сайлау автократиясы деп жариялады. Осы оқиғалардың барлығы келесі сұрақтарды тудырады. Көптен бері демократиялық жүйеге ұмтылған Венгрия одан неліктен бас тартты? Венгрия халқының ЕО-ға деген көзқарасы қандай және ол Брюссельмен қақтығыстарда кімнің жағын қолдайды? Венгрия Еуропалық Одақтан шыға ала ма? Авторлар Будапешт пен Брюссель арасындағы қақтығыс әртүрлі құндылықтармен түсіндіреді, бірақ бұл Венгрияның ЕО-дан шығуына әкелмейді, өйткені қақтығыстың екі жағы да біртұтас Еуропа идеясын қолдайды, бірақ әртүрлі құндылықтарды алдыға тартады.

Мәселені зерттеуде негізгі теория конструктивизм болып табылды. Венгрияның саяси жүйесін кейбір сарапшылар «либералды емес демократия» немесе «сайлау автократиясы» деп сипаттайды. Мысалы, американдық Brookings аналитикалық орталығының сарапшыларының ұжымдық жұмысында венгр халқының демократиядан көңілінің қалуында маңызды рөл атқарған әлеуметтік-экономикалық факторларға мән бермейді.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Виктор Орбан, Фидес партиясы, конструктивизм, либералды емес демократия, сайлау автократиясы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-145-4-119-126>

Редакцияға түсті: 11.04.2023 /Жариялануға қабылданды: 10.11.2023

Кіріспе

Мәселе қойылымы. Еуропалық Одақ соңғы онжылдықта бірқатар күрделі ішкі және сыртқы қиындықтарға тап болды. Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы қауіпті прецедент қалыптастырды және еуро-оптимистер Одақтағы басқа мемлекеттер Ұлыбританиядан үлгі алуы мүмкін деп қауіптенеді. Шығуы ықтимал үміткерлер арасында бірінші кезекте Польша мен Венгрия аталды, өйткені Шығыс Еуропаның бұл мемлекеттері соңғы бірнеше жыл ішінде Еуропалық Одақ институттарымен үнемі қарама-қайшылықта болды. Осының негізінде мынадай сұрақтар туындайды. Венгрияда еуроскептицизм қалай және неліктен пайда болды? Бұл Еуропалық Одақтың тұтастығына қауіп төндіре ме?

Зерттеу мақсаты

Біріншіден, еуроскептицизм мен оның типологиясын анықтау қажет. Екіншіден, Венгрияның қазіргі саяси жүйесінің қалыптасуының негізгі кезеңдерін сипаттау, негізгі

саяси тенденцияларды анықтау. Үшіншіден, Брюссель мен Будапешт арасындағы қақтығыстардың себептерін табу. Төртіншіден, қазіргі жағдайдың Еуропалық Одақтың болашағына қауіп-қатерін бағалау міндеті қойылды.

Тарихы

Еуроскептицизм – еуропалық мемлекеттердің интеграциясын сынауға негізделген саяси қозғалыс. Еуроскептицизм еуропалық бірігу үдерісімен қатар пайда болды және дамыды, бірақ әртүрлі кезеңдерде еуропалық интеграцияға деген көзқарас бірдей болмады.

1980 жылдардың соңына дейін еуропалық интеграцияға қарсылық салыстырмалы түрде аз болды. Неофункционализмді ұстанушылар «рұқсат етуші консенусты» осы кезеңнің негізгі тенденцияларының бірі деп атайды [1]. Еуропа мемлекеттерінің халқы шешім қабылдауды өздерінің ұлттық элиталарына сеніп тапсырды және еуропалық интеграция процесіне тікелей араласу құралдарын пайдалануға мүдделі болмады.

Алайда, 1990 жылдардың басында, Маастрихт келісіміне қол қою қарсаңында интеграцияның жаңа деңгейіне өту қажеттілігіне күмән туды және ұлттық егемендіктен айырылу қаупі барған сайын күшейе түсті. Қоғам мүддесі мен ұлттық элитаның ұмтылысы арасында келіспеушілік кезеңі басталып, процестің өзі «келісімсіздікті тежеу» ретінде сипатталды [1].

Дәл сол кезеңде еуроскептицизмнің әртүрлі бағыттарының арасындағы айырмашылықтар барған сайын білінді. Біріншісі әдетте «жұмсақ» еуроскептиктер деп аталады. Олар еуропалық интеграцияның өзіне қарсы емес, ЕО-ның жекелеген органдарын, олардың шешімдерін немесе еуропалық елдер арасындағы ынтымақтастықтағы белгілі бір проблемаларды сынайды.

Еуроскептиктердің екінші түрі әдетте «қатты» деп аталады. Олар Еуропалық Одақты мемлекеттердің ұлттық егемендігіне төнетін қауіп ретінде қабылдайды, еуропалық институттарды елдің ішкі істеріне араласты деп айыптап, Еуропалық Одақтан шығуды мәселенің жалғыз шешімі деп санайды. Қатаң еуроскептиктердің қатарында Біріккен Корольдік Тәуелсіздік партиясының (UKIP) өкілі Найджел Фарадж және Консервативтік партиядан Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Борис Джонсон бар. Екі саясаткер де британдықтарды 2016 жылғы референдумда Одақтан шығуға дауыс беруге шақырып, Brexit-ті қолдаушылар болды.

Зерттеу әдістері

Әдістемелік тұрғыдан мақала жеке кейс-стади болып табылады. Аталаған сұрақтарға жауап табу үшін авторлар конструктивизмге жүгінді. Бұл теория бойынша әлеуметтік құрылымдар ортақ идеялар мен құндылықтар негізінде қалыптасады. Мақалада авторлар Венгрия мен Еуропалық Одақ үшін осындай идеялар мен құндылықтарды анықтайды. Сонымен бірге, нақты пәндік әдістердің ішінде тарихи-хронологиялық талдау және саяси процестерді жүйелі талдау қолданылады.

Талқылау

Венгрия Еуропалық Одаққа 2004 жылы қосылды. 2003 жылғы референдумда халықтың 84%-дан астамы қосылуды қолдап дауыс берген. Венгриялықтар үшін бұл батыстық капиталистік демократиялық әлемге қосылу жолындағы маңызды саяси және символдық қадам болды. Алайда 2006 жылы Венгрия экономикасының өсу қарқыны бәсеңдеп, 2008-2009 жылдары бүкіл әлеммен бірге бұл ел де экономикалық дағдарысқа тап болды. Халықтың бір бөлігі ЕО-ға кіру қадамының дұрыстығына күмән келтіре бастады, бірақ еуропалық бағытты түбегейлі қайта қарау болған жоқ.

Референдумнан кейін осы уақытқа дейін Венгрияның саяси өмірін екі параллель шындық ретінде сипаттауға болады. Халық ЕО-ға нық сенді және сонымен бірге

экономикалық жағдайға қанағаттанбады, ал венгр партиялары арасындағы, кейінірек билеуші Фидес партиясы мен еуропалық шенеуніктердің арасындағы қақтығыстар элита арасындағы күрес ретінде қабылданды. Яғни, «рұқсат етуші консенсус» принципі жұмыс істеді деп айта аламыз, бірақ ол тек еуропалық интеграцияға қатысты емес, басқа да саяси процестерге қатысты болды.

2006 жылдың көктемінде елде парламенттік сайлау өтті. Венгрия Социалистік партиясы билікті сақтай алды, ал Фидес оппозицияда қалды. Алайда, сайлаудан кейін премьер-министр Ференц Дюрчань партияластарымен жабық кездесуде оның партиясы сайлаушыларға экономиканың нақты жағдайы туралы өтірік айтқанын мойындады, ал Венгрия үкіметі Еуропадағы «ең ақымақ» саясатты ұстанды деп айтып салды [2]. Премьер-министрдің бұл сөзі БАҚ-қа тарап, үкіметке қарсы ауқымды наразылық тудырды.

Социалистік партия билікті келесі сайлау науқанына дейін сақтап қала алды. 2010 жылы Фидес жеңіп, Виктор Орбан 2010 содан бері Венгрияның премьер-министрі. Орбан мен оның партиясының негізгі саяси тұғырнамасы – ұлтшылдық пен христиандыққа негізделген консерватизм. Мысалы, Фидес Конституцияны өзгертудің бастамашысы болды. Негізгі Заңның қазіргі редакциясы «Құдай венгрлерді жарылқасын» деген сөзбен басталып, кіріспе қызметін атқаратын Ұлттық тануда: «Біз христиандықтың мемлекеттілікті сақтаудағы рөлін мойындаймыз» [3] деп жазылған.

Ата Заңда неке бір еркек пен бір әйелдің одағы бола алады, оның үстіне әйел ғана ана, ер адам ғана әке бола алады делінген. Мемлекет балалардың туған кездегі жынысына сәйкес өзін-өзі сәйкестендіру құқығын қорғайды. Кейіннен ЛГБТ қауымдастығының құқықтары Венгрия мен Батыс Еуропа мемлекеттері арасындағы қақтығыстарға бірнеше рет себеп болды.

Негізгі заңға енгізілген саяси өзгерістер Конституциялық соттың өкілеттіктерін шектеді. Бұл өзгерістерді демократияға қауіп деп санайтын ЕО мен АҚШ-тың наразылық білдіріді. Ресми Будапешт көтерілген мәселелердің барлығы ішкі саяси мәселе және шетелдік шенеуніктерді елдің егемендігіне араласуы ретінде қабылданатынын бірнеше рет қадап айтты. Батыс серіктестерімен қарым-қатынас біртіндеп нашарлады [4].

2014 жылы Виктор Орбан Венгрияда «либералды емес мемлекет» құруға ұмтылатынын ашық айтты [5]. Орбанның пікірінше, классикалық либералдық демократия идеалды саяси үлгі емес, өйткені ол жеке тұлғаның мүдделеріне негізделген, дұрысы бүкіл қоғамды қорғау. Брукинг сараптама орталығының «Либералды емес мемлекеттердің анатомиясы: Түркия мен Орталық Еуропадағы демократиялық құлдырауды бағалау және жауап беру» атты ұжымдық жұмысы «либералды емес саяси жүйеде» ең алдымен үш институтқа қысым көрсетілетінін көрсетеді: сот билігі, плюралистік саяси өріс, БАҚ және азаматтық қоғам [6].

Сонымен бірге классикалық демократиялық үлгінің кейбір элементтері сақталады, мысалы, басқарушы биліктің легитимділігін сақтау үшін қажет сайлаулар өткізіледі. Мұндай жұмыстардың басты кемшілігі – «либералды емес демократия» концепциясын жақтаушылардың өз еліндегі билікті неліктен сақтап қалғанын түсіндіруінің жоқтығы. Брукинг сарапшыларының пікірінше, нкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ демократиялық емес режимдерге қарсы күрестің негізгі құралдарының біріне айналуы тиіс. Сонымен қатар, ұсыныстар ретінде американдық сарапшылар Венгрия билігіне бірден бірнеше деңгейде: екіжақты қарым-қатынаста, НАТО және ЕО аясында саяси қысымды күшейтуді ұсынады. Ал халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған бірде-бір ұсыныс жоқ.


Бұл маңызды мәселе, өйткені Венгриядағы демократия деңгейінің төмендеуінің себебі халықтың демократия туралы хабардар болмауында немесе белгілі бір партиялардың ерекше ықпалында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық салаларда жатыр. Венгрия халқының демократиядан түңілуінің маңызды себептерінің бірі әл-ауқаттың төмендеуі болды. Венгрия азаматтары демократиялық реформалар мен Еуропалық Одаққа кіруді демократия үшін емес, өмір сүру деңгейін жақсарту үшін қолдады. Алайда, кейбіреулері еуропалық интеграцияға қатысты

экономикалық мәселелер таңдалған бағыттан халықтың ішінара көңілін қалдырды. Осының аясында Фидестің венгрлердің мүддесін қорғауға уәде беретін ұлтшыл протекционистік риторикасы жағдайдың жақсаруына үміт тудырды. Оның үстіне Фидес саяси дискурста елдегі қиындықтарға Батыс капитализмі мен шетелден қаржыландырылатын үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-ты жауапты деп сендіре алды. Сәйкестік мәселесі бұдан да тереңірек мәселе. Венгрия - 10 миллионнан аз халқы бар салыстырмалы түрде шағын еуропалық мемлекет, оның 85% -ы венгрлер. Соңғы жылдары ел туу деңгейінің төмендеуінен де, иммиграциядан да туындаған елеулі депопуляцияға тап болды. Венгрия 2011 жылы 10 миллион адамдық психологиялық белгіден өтті. Елдегі орташа жас – 43,6 жас (әлемде 24-ші орында) [7]. Венгр тілі угор тілдер тобына жатады және көршілес мемлекеттердің ешбір тіліне қатысы жоқ. Осы факторлардың барлығы халық арасында олардың бірегей, ерекше мәдениеті мен тарихы жойылу алдында тұрған қауіп сезімін тудырады.


Бұл қорқыныштардың күшеюі Венгрияның тарихи өткенімен байланысты. Конституцияда Венгрия мемлекеттілігін құрушы венгр тайпаларын біріктіру арқылы патша болған Иштван I Әулие деп жарияланды. Сонымен қатар, бүкіл мың жылдық уақыт венгр халқының үздіксіз тәуелсіздік кезеңі болған жоқ. Венгрия тарихтың әртүрлі кезеңдерінде Осман империясының, Австро-Венгрия империясының және социалистік лагерьдің тәуелді бөлігі болды және әр кезеңде тәуелсіздік үшін кейде тіпті күшпен басылған ауқымды қозғалыстарды атап өтуге болады. Сондықтан Фидестің белсенді жақтастары Орбанның елдің ішкі істеріне араласамын деген белгісіз жауға қарсы тұруға шақырған риторикасына сенеді. Нәтижесінде Виктор Орбан 2010 жылы билікке келгеннен кейін 2014, 2018 және 2022 жылдары айшықты жеңіске жетті.

Венгрия мен ЕО арасындағы саяси қақтығыстардың тағы бір саласы 2015 жылғы көші-қон дағдарысы болды. Виктор Орбан Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан келген мигранттарды қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартты, ал 2016 жылы бұл ел тіпті босқындарды қабылдауға арналған Еуропалық Одақтың квотасына қарсы референдум өткізді. Сайлаушылардың 98,3%-ы квотаға қарсы дауыс берді, бірақ 43%-ы 50%-дан кем емес сайлаушылардың қатысуына байланысты референдум өтпеді деп танылды. Сонымен бірге, референдумның сәтсіз аяқталуын Орбанның саяси жеңілісі деп түсінбеу керек: ересек азаматтардың 40%-дан астамының белсенді саяси қолдауы Батыс стандарттары бойынша жоғары деңгей болып табылады.

Сурет 1. ЕО институттарына, ұлттық үкіметке және ұлттық парламентке сенім деңгейі [8].



Сурет 2. Респонденттердің ЕО болашақта кеңеюі керек деген мәлімдемесімен келісімі [8].



Егер Фидестің танымалдылығын экономикалық және әлеуметтік-мәдени себептердің үйлесімімен түсіндіруге болатын болса, онда венгрлердің еуроскептикалық көңіл-күйіне қатысты келесі сұрақ туындайды. Бір жағынан, Фидес тұрақты түрде сайлауда жеңіске жетеді және Еуропалық комиссияның мәліметтері бойынша (1-сурет), Венгриядағы үкіметке сенім деңгейі орташа еуропалық деңгейден айтарлықтай жоғары. Екінші жағынан, венгрлер Еуропалық Одаққа оң көзқараспен қарайды және тіпті оның кеңеюін қолдайды (2-сурет). Сонымен бірге Венгрия билігі ЕО құрылымдарымен ұзақ мерзімді қақтығыс жағдайында болып отыр.

Бұл қайшылықтың конструктивизм теориясы аясындағы сәйкестілік мәселелері тұрғысынан түсіндіруге болады. Венгрия мен Еуропалық Одақ Еуропа мен ЕО-ы қалай қабылдауға болады деген сұраққа жауап беруде әртүрлі көзқарастарды ұстанады. Еуропалық шенеуніктер мен Батыс Еуропа өкілдері үшін Еуропалық Одақ адам құқықтарымен, демократиямен және либерализммен тығыз байланысты. Венгрия үшін бұл құндылықтар өз алдына мақсат емес, ал Еуропалық Одақ – ортақ тарих, дін және мәдени байланыстармен біріктірілген мемлекеттердің интеграциясы. Сондықтан Виктор Орбанның жақтастары ЕО саясатын сынағанда Еуропаға деген өздерінің көзқарастарын қорғайды.

Қазіргі кезеңдегі бұл қақтығыс Венгрияның ЕО-дан шығуына әкеліп соқтыра алмайды, өйткені, біртұтас Еуропа идеясы венгрлер үшін осы тұжырымдамаға тән құндылықтардың айырмашылығынан гөрі іргелі және маңызды. Алайда ресми Будапешт пен Брюссель арасындағы қақтығыс Одақтың саяси тұтастығына қауіп төндіреді, өйткені, Венгрияның басқарушы элитасы үнемі өз мүдделерін ЕО мүдделерінен жоғары қояды. Бұл шешім қабылдауды қиындатады және кейбір жағдайларда еуропалық шенеуніктерді ымыраға келуге және Венгрияға ерекше шарттарды ұсынуға мәжбүр етеді. Ұқсас жағдайлар, мысалы, Украинадағы соғысқа байланысты Ресей Федерациясына қарсы санкциялар салынған кезде туындады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Венгрияның басқарушы элитасы еуроскептикалық деп айта аламыз, бірақ бұл еуроскептицизм «жұмсақ» болып саналады және жақын болашақта Еуропалық Одақтан шығуға әкелуі екіталай. Виктор Орбан мен оның Фидес партиясының 12 жылдан астам билікте болуының себептері әлеуметтік-экономикалық, мәдени және тарихи мәселелермен байланысты. Батыс зерттеушілері бұл аспектіні елемейді, олар болып жатқанның барлығын тек билеуші режимнің саясатымен байланыстырады. Будапешт пен Брюссель арасындағы келіспеушіліктерге қарамастан венгрлер Еуропалық Одақ жобасына басқа еуропалықтарға қарағанда көбірек сенеді. Венгрия мен Еуропалық Одақ арасындағы жалғасып келе жатқан қақтығыстар әртүрлі құндылықтар мен оларды түсінбеушіліктен туындады.

Әдебиеттер тізімі

1. Hooghe, L. and Marks, G. A Postfunctionalist Theory of European Integration: From Permissive Consensus to Constraining Dissensus // *British Journal of Political Science*. – 2009. – 39(1). – P. 1-23.
2. We Lied to Win, Says Hungary PM. – 2006. BBC. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> (дата обращения: 19.11. 2022).
3. Конституция Венгрии. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> (дата обращения: 19.11. 2022).
4. Я. Шимов. Премьер Венгрии переписал Конституцию под себя. – 2013. Коммерсант. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> (дата обращения: 19.11. 2022).

5. Z. Simon. Orban Says He Seeks to End Liberal Democracy in Hungary. - 2014. Bloomberg. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2014-07-28/orban-says-he-seeks-to-end-liberal-democracy-in-hungary> (дата обращения: 19.11. 2022).
6. A. Polyakova, T. Taussig, T. Reinert, K. Kirişci, A. Sloat, J. Kirchick, M. Hooper, N. Eisen, And A. Kenealy. The Anatomy of Illiberal States: Assessing and Responding to Democratic Decline in Turkey and Central Europe. – Washington, D.C., 2019. – 55 p.
7. Официальный сайт ЦРУ. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.cia.gov/the-world-factbook/countries/hungary/> (дата обращения: 29.11. 2022).
8. Официальный сайт Европейской комиссии. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://europa.eu/eurobarometer/surveys/detail/2693> (дата обращения: 29.11. 2022).

Т.А. Нигманов, Р.М. Таштемханова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Евроскептицизм в Венгрии: перспективы, современное состояние и особенности

Аннотация. Выход Великобритании из Европейского союза, а также постоянные конфликты Польши и Венгрии с европейскими чиновниками ставят под сомнение существование ЕС и провоцируют страхи относительно его будущего. Особенное внимание привлекает кейс Венгрии. Официальный Будапешт публично отказался от демократических ценностей. В ответ Брюссель угрожал лишением выплат из бюджета ЕС, а в сентябре 2022 года Европейский парламент объявил Венгрию электоральной автократией. Все эти события вызывают следующие вопросы: Почему Венгрия, долго стремившаяся к демократической системе, от нее отказалась? Как относится население Венгрии к ЕС и чью сторону поддерживает в конфликтах с Брюсселем? Может ли Венгрия выйти из Европейского союза? Авторы считают, что конфликт Будапешта и Брюсселя объясняется разными ценностями, однако он не приведет к выходу Венгрии из ЕС, так как обе стороны конфликта поддерживают идею единой Европы, но вкладывают в эту идею разные ценности. Основной теорией, на которой базируется данное объяснение, является конструктивизм. Политическая система Венгрии описывается некоторыми экспертами как «нелиберальная демократия» или «электоральная автократия», например, в коллективном труде экспертов американского аналитического центра Brookings «The Anatomy Of Illiberal States: Assessing And Responding To Democratic Decline In Turkey And Central Europe». Однако проблема этих работ заключается в игнорировании социально-экономических факторов, которые, по мнению авторов статьи, сыграли важную роль в разочаровании в демократии венгерского народа.

Ключевые слова: Европейский союз, Виктор Орбан, партия «Фидес», конструктивизм, нелиберальная демократия, электоральная автократия.

T.A. Nigmanov, R.M. Tashtemkhanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Euroscepticism in Hungary: perspectives, current state, and features

Abstract. The exit of the UK from the European Union, as well as the constant conflicts of Poland and Hungary with European officials, cast doubt on the existence of the EU and provoke fears about its future. The case of Hungary attracts particular attention. Official Budapest has publicly renounced democratic values. In response, Brussels threatened to withhold payments from the EU budget, and in September 2022, the European Parliament declared Hungary an electoral autocracy. All these events raise the following questions. Why did Hungary, long striving for a democratic system, abandon it? What is the attitude of the population of Hungary towards the EU and whose side does it support in conflicts with Brussels? Can Hungary leave the European Union? The authors believe that the conflict between Budapest and Brussels is explained by different values, but it will not lead to Hungary's exit from the EU, since both sides of the conflict support the idea of a united Europe, but put different values into this idea. The main theory on which this explanation is based is constructivism. Hungary's political system is described

by some experts as an “illiberal democracy” or “electoral autocracy”. For example, we can remember the collective work of experts from the American “think tank” Brookings “The Anatomy Of Illiberal States: Assessing And Responding To Democratic Decline In Turkey And Central Europe”. However, the problem of these works lies in ignoring the socio-economic factors, which, according to the authors of the article, played an important role in the disillusionment with the democracy of the Hungarian people.

Keywords: European Union, Viktor Orban, Fidesz party, constructivism, illiberal democracy, electoral autocracy.

References

1. Hooghe, L. and Marks, G. A Postfunctionalist Theory of European Integration: From Permissive Consensus to Constraining Dissensus. *British Journal of Political Scienc.* 2009. No.39(1). P. 1-23.
2. We Lied to Win, Says Hungary PM. – 2006. BBC. Available at: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> (accessed 19.11.2022).
3. Konstitucija Vengrii. [Constitution of Hungary]. Available at: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> [in Russian]. (accessed 19.11.2022).
4. J. Shimov. Prem`er Vengrii perepisal Konstitucziyu pod sebya [Hungary's prime minister has rewritten the constitution to suit himself]. 2013. *Kommersant*. Available at: <http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/5354972.stm> (accessed 29.11.2022) [in Russian].
5. Z. Simon. Orban Says He Seeks to End Liberal Democracy in Hungary. - 2014. *Bloomberg*. Available at: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2014-07-28/orban-says-he-seeks-to-end-liberal-democracy-in-hungary> (accessed 29.11.2022).
6. A. Polyakova, T. Taussig, T. Reinert, K. Kirişci, A. Sloat, J. Kirchick, M. Hooper, N. Eisen, And A. Kenealy. *The Anatomy of Illiberal States: Assessing and Responding to Democratic Decline in Turkey and Central Europe.* – (Washington, D.C., 2019. 55 p.).
7. Oficial'nyj sajt CRU. [Official website of the CIA]. Available at: <https://www.cia.gov/the-world-factbook/countries/hungary/> [in Russian]. (accessed 29.11.2022).
8. Oficial'nyj sajt Evropejskoj komissii. [Official website of the European Commission]. Available at: <https://europa.eu/eurobarometer/surveys/detail/2693> [in Russian]. (accessed 29.11.2022).

Авторлар туралы мәлімет :

Нигманов Таир Амангалиевич – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Таштемханова Райхан Мухамедьяновна – тарих ғылымдарының докторы, саясаттану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Nigmanov Tair Amangalievich – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Tashtemkhanova Raikhan Muhamedyanovna – PhD, Professor, Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.